



Қауіпсіздікке және қоршаған ортаға қойылатын талаптарға сәйкестік туралы ескертпелер пайдаланушы нұсқаулығы

ҚЫСҚАША ҚОРЫТЫНДЫ

Ноутбуктер, планшеттер, үстел компьютерлері, жұқа клиенттер, дербес жұмыс станциялары, көп қызметті компьютерлер және сауда нүктесіндегі терминалдарға арналған АҚШ, Канада және халықаралық ережелеріне сай келетін заңдық, қауіпсіздік және қоршаған орта туралы ақпарат осы нұсқаулықта қамтылады.

© Copyright 2018–2020 HP Development Company, L.P.

Bluetooth өз меншік иесінің сауда белгісі болып табылады және оны HP Inc. компаниясы лицензия бойынша пайдаланады. ENERGY STAR және ENERGY STAR белгісі – тіркелген АҚШ белгілері. Java – Oracle және (немесе) еншілес компанияларының тіркелген сауда белгісі. WiGig – Wi-Fi Alliance компаниясының тіркелген сауда белгісі.

Осы құжатта берілген ақпарат ескертусіз өзгертіледі. HP өнімдері мен қызметтеріне кепілдік тек осындай өнімдермен және қызметтермен бірге келетін тікелей кепілдік мәлімдемелерінде беріледі. Осы құжаттағы ешнәрсе қосымша кепілдік деп түсіндірілмеуі тиіс. HP компаниясы осы құжаттағы техникалық немесе редакторлық қателер, не болмаса қалып кеткен мәліметтер үшін жауапты емес.

Жетінші басылым: қыркүйек, 2020 ж.






Бірінші басылым: наурыз, 2018 ж.

Құжат бөлігінің нөмірі: L25269-DF7

Осы нұсқаулық туралы

Ноутбуктер, планшеттер, үстел компьютерлері, жұқа клиенттер, дербес жұмыс станциялары, көп қызметті компьютерлер және сауда нүктесіндегі терминалдарға арналған АҚШ, Канада және халықаралық ережелеріне сай келетін заңдық, қауіпсіздік және қоршаған орта туралы ақпарат осы нұсқаулықта қамтылады.

Пайдаланушы нұсқаулықтарының ең соңғы нұсқаларын ашу үшін <http://www.hp.com/support> сілтемесіне өтіп, өніміңізді табу нұсқауларын орындаңыз. Содан кейін **Руководства пользователя** (Пайдаланушы нұсқаулықтары) бөлімін таңдаңыз.

-
-  **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Алды алынбаса, ауыр жарақатқа немесе өлім жағдайларына себеп болуы **мүмкін** болатын қауіпті жағдайды көрсетеді.
-  **ЕСКЕРТУ:** Алды алынбаса, жеңіл немесе орташа жарақатқа себеп болуы **мүмкін** болатын қауіпті жағдайды көрсетеді.
-  **МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ:** маңызды, бірақ қауіпке байланысты емес ақпаратты (мысалы, мүліктік залалға қатысты хабарлар) көрсетеді. Ескерту пайдаланушыға процедураны дәл сипатталғандай орындалмаса, деректердің жойылуына немесе жабдық не бағдарламалық құралдың зақымдалуына себеп болуы мүмкін. Сонымен қатар тұжырымды түсіндіру немесе тапсырманы орындау туралы негізгі ақпаратты қамтиды.
-  **ЕСКЕРТПЕ:** Негізгі мәтіннің маңызды бөлімдерін ерекшелеуге немесе қосымша жасауға арналған қосымша ақпараттан тұрады.
-  **КЕҢЕС:** тапсырманы аяқтауға арналған пайдалы кеңестерді қамтамасыз етеді.
-

Мазмұны

1 Құқықтық нормаларға сәйкестік	1
Нормативтік жапсырмаларды көру	1
Байланыстар туралы федералды комиссия хабарламасы	1
Жаңартулар	2
Кабельдер	2
Сымсыз LAN құрылғылары немесе HP мобильді кең жолақты модульдері бар өнімдер	2
Беларусьта қолданылатын техникалық деректер туралы ескертпе	3
Бразилияға арналған ескертпе	3
Канадаға арналған ескертпелер	3
Еуропа Одағына және Ұлыбританияға арналған заңдық ескертпелер	4
Сәйкестік мағлұмдамасы	4
Радио байланыс мүмкіндігі (EMF) бар құрылғылар	4
Радио байланыс мүмкіндігі бар өнімдер үшін шектеулер (тек таңдаулы өнімдерде)	4
Радио жиілік ауқымдары және ең жоғары қуат деңгейлері (тек таңдаулы өнімдерде және елдерде)	5
Эргономикалық сәйкестік талаптарына арналған хабарлама	5
Еуропадағы телефон желісі туралы декларация (модем/факс)	5
Австралияда және Жаңа Зеландияда қолданылатын ескертпе	6
Қытайда қолданылатын WWAN туралы ескертпе	6
Қытайда қолданылатын радио жабдық туралы ескертпе	6
Жапонияға арналған хабарлама	6
Сымсыз LAN, сымсыз WAN және Bluetooth® куәландыру белгілері	6
Мексикаға арналған хабарлама	7
Еуропа Одағына арналған нормативтік талаптарға сәйкестік туралы ақпарат	7
Өндіруші және өндіру мерзімі	7
Жергілікті өкілдіктері:	7
Сингапурда сымсыз құрылғыны қолдану туралы ескертпе	8
Оңтүстік Кореяға арналған ескертпелер	8
Тайландта қолданылатын сымсыз байланыс туралы ескертпе	8
Тайваньдағы желілерді басқару туралы ескертпелер	8
電磁波警語	9
Сымсыз LAN 802.11a құрылғылары	9
LAN 802.11 сымсыз байланыс құрылғылары/Bluetooth құрылғылары/Әрекет аумағы қысқа құрылғылар	9
Ұшақта қолдану туралы ескертпе	9
Пайдаланушы арқылы ауыстырылатын батареялар туралы ескертпелер	9

Зауытта пломбаланған батареялар туралы ескертпелер	10
Лазерлі құрылғылар талаптарына сәйкестік	10
Телекоммуникациялық құрылғыларды мақұлдау	10
Модемге арналған ескертпелер	11
АҚШ-қа арналған модемді пайдалану қағидалары	11
Канадада модемді қолдану қағидалары	12
Жапонияда қолданылатын модемді пайдалану қағидалары	12
Жаңа Зеландияға арналған модемді пайдалану қағидалары	12
Дауыстық қолдау	13
Macrovision корпорациясы ескертпесі	13

2 Қауіпсіздік туралы ескертулер 14

Қауіпсіздік туралы маңызды ақпарат	14
Қызып кетуге байланысты сақтық ережелері туралы ескертпе	15
Мүмкін қауіпсіздік жағдайлары	15
Орнату шарттары	16
Акустика туралы ескерту	16
Батарея туралы ескертпелер	16
Желдеткіш туралы ескертулер	17
Гарнитура мен құлақсаппа дыбысының деңгейі туралы ескертпе	17
Лазерді пайдалану қауіпсіздігі	17
Қуат беру және қуат сымы жинағының талаптары	18
Қуат берудің жерге қосу I сыныбы талаптары	18
Бразилияға арналған ескертпе	18
Дания	18
Финляндия	18
Норвегия	18
Швеция	18
Қуат беру талаптары	18
Қытай	19
Норвегияда пайдалану үшін	19
Қуат сымы жинағының талаптары	19
қуат сымын қолдану ескертпесі	19
Сыртқы HP қуат көзінің тұрақты ток ашасы	20
Жапонияда қолданылатын қуат сымы туралы ескертпе	20
Жапонияда қолданылатын қуат сымы талаптары	20
Қысу қаупі	20
Теледидар антеннасы қосқыштарын қорғау	20
Сыртқы телевизиялық антеннаны жерге қосу	20
Найзағай әсерінен қорғау	20
CATV жүйелерін орнатушы маман үшін кеңестер	21

Компьютерді алып, саяхат жасауға арналған хабарлама	21
Қытайда қолданылатын сақтық туралы ескертпелер	22
Қытайда қолданылатын биіктік туралы ескертпе	22
Қытайда қолданылатын тропикалық климатта пайдалану туралы ескертпе	22
Норвегияда және Швецияда қолданылатын теледидар тюнері бар өнімдерге арналған кабельді жерге қосуға арналған ескертпе	23
Тайваньдағы көру қабілеті туралы ескертпе	23
使用過度恐傷害視力	23

3 Қоршаған ортаға қатысты ескертпелер 24

Электрондық аппаратық құрал, орау және батареяларды кәдеге жарату	24
Қолданыстан шыққан жабдық қалдықтарын жеке үй жағдайларында жою	24
Бразилияда сілтілі батареяларды жою	24
Бразилияда аппараттық құралды қайта өңдеу туралы ақпарат	25
Тайваньға арналған батареяны қайта өңдеу туралы ақпарат	25
Түркияда қолданылатын WEEE ережесі	25
ENERGY STAR® сертификаттауы (тек таңдаулы өнімдерде)	25
Химиялық заттар	27
Перхлоратты материалмен арнайы қолданыс қажет етілуі мүмкін	27
Қытайға арналған қоршаған орта туралы ескертпелер	27
Қытайда қолданылатын компьютер энергиясы туралы ескертпелер	28
Қытайда қолданылатын RoHS	31
笔记本电脑和平板电脑产品中有害物质或元素的名称及含量	31
台式机、瘦客户端、个人工作站、一体机和销售点终端产品中有害物质或元素的名称及含量	32
台灣針對筆記型電腦和平板電腦的有害物質限制使用管理辦法 (RoHS)	34
限用物質含有情況標示聲明書	34
台灣針對桌上型電腦、精簡型電腦、個人工作站、一體成形電腦及銷售點終端機的有害物質限制使用管理辦法 (RoHS)	35
限用物質含有情況標示聲明書	35
Үндістанда қолданылатын зиянды заттар туралы шектеулер (RoHS)	36
Еуропалық Одақ комиссиясының №1275/2008 ережелері туралы ақпарат	36
IT ECO декларациялары	37
Жапонияда қолданылатын зиянды заттар туралы шектеулер ескертуі (RoHS)	37
Ley para el Aprovechamiento Sustentable de la Energía de México	37
TCO Certified	37
TCO Certified Edge	38

Индекс 40

1 Құқықтық нормаларға сәйкестік

Бұл тарауда арнайы сымды және сымсыз байланыстағы мемлекеттік, аймақтық құқықтық нормаларға және компьютер өнімдерінің техникалық сипаттарына арналған сәйкестік туралы мәліметтер беріледі. Ескертпелердің кейбірі бұл өнімге қатысты қолданылмауы мүмкін.

Бір немесе бірнеше бекітілген сымсыз құрылғылар орнатылуы мүмкін. Кейбір орталарда сымсыз құрылғыларды қолдану шектеулі болуы мүмкін. Бұл шектеулер ұшақ бортында, ауруханаларда, жарылыс заттарының қасында, қауіпті жерлерде және т.б. жерлерде қолданылуы мүмкін. Егер белгілі бір құрылғыны қолдану бойынша саясатты нақты білмесеңіз, оны қолданудан бұрын рұқсат сұраңыз.

Нормативтік жапсырмаларды көру

Сонымен қатар кейбір өнімдерде электрондық нормативтік жапсырмалар (е-жапсырмалар) болуы мүмкін. Оларды жүйенің BIOS утилитасы арқылы ашуға болады.

Нормативтік жапсырмалар, елге немесе аймаққа сәйкес заңды ақпаратты (мысалы, FCC идентификаторы) қамтамасыз етеді. Ол компьютердің төменгі жағында, батарея ұясының ішінде (тек таңдаулы өнімдерде), қызмет көрсетуге арналған алынбалы есіктің астында (тек таңдаулы өнімдерде), дисплейдің артқы жағында немесе сымсыз байланыс не модем модулінде орналасқан.



ЕСКЕРТПЕ: электрондық жапсырмалар барлық өнімдерге қолжетімді емес.



ЕСКЕРТПЕ: Америка Құрама Штаттарында сатуға немесе пайдалануға арналмаған құрылғыларда FCC идентификаторы болмауы мүмкін.

Электрондық нормативтік жапсырмаларды көру үшін:

1. Компьютерді қосыңыз немесе қайта бастаңыз.
2. Computer Setup утилитасына кіру үшін **esc** немесе **f10** пернесін басыңыз.
3. Меңзегіш құрылғы немесе көрсеткі пернелердің көмегімен **Advanced** (Қосымша), **Electronic Labels** (Электрондық жапсырмалар) тармақтарын таңдаңыз және **enter** пернесін басыңыз.
4. Электрондық жапсырманы көру үшін меңзегіш құрылғы немесе көрсеткі пернелердің көмегімен тізімде көрсетілген элементтердің бірін таңдаңыз және **OK** түймесін басыңыз.



ЕСКЕРТПЕ: қол жетімді электрондық жапсырмалар тізімі компьютер моделіне және орнатылған құрылғыларға байланысты әртүрлі болады.

5. Өзгертулерді сақтамай Computer Setup мәзірлерінен шығу үшін мына әрекеттер орындаңыз:

Экранның төменгі оң жақ бұрышындағы **Exit** белгішесін таңдаңыз және экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

– немесе –

Көрсеткі пернелердің көмегімен **Main** (Негізгі), **Ignore Changes and Exit** (Өзгертулерді сақтамай шығу) пәрменін таңдап, **enter** пернесін басыңыз.

Байланыстар туралы федералды комиссия хабарламасы

Бұл құрылғы сынақтан өткізіліп, байланыстар туралы федералды комиссия хабарламасының 15-бөліміне қатысты сандық құрылғыларға арналған В сыныбына сәйкес келеді.

Бұл шектеулер тұрғын үйлерді зиянды бөгеуілдерден айтарлықтай қорғаныспен қамтамасыз етуге арналған. Құрылғы радио жиілігі энергиясын жаңартады, пайдаланады және шығарады. Нұсқауларға сәйкес орнатылмаған немесе пайданылмаған құрылғы радио байланыстарына зиянды кедергі келтіруі мүмкін. Дегенмен, дұрыс орнатылғанда ешқандай кедергі келтірілмеуіне кепілдік жоқ.

Құрылғыны қосып немесе өшіргенде анықталатын радио не теледидар қабылдауына құрылғы зиянды кедергі келтірсе, пайдаланушы төмендегі жағдайлардың бір немесе бірнешеуін пайдаланып, бөгеуіл болдырмауға тырысуы қажет:

- Қабылдаушы антеннаның бағдарын өзгертіңіз немесе орнын ауыстырыңыз.
- Құрылғы мен қабылдағыш арасындағы ара қашықтықты ұлғайтыңыз.
- Құрылғыны қабылдағыш қосылған розеткадан басқа қуат көзіне жалғаңыз.
- Сатушы, тәжірибелі радио немесе теледидар маманынан көмек сұраңыз.

Құрылғы Байланыстар туралы федералды комиссия қағидаларының 15-бөліміне сәйкес келеді. Мына екі шартқа сәйкес жұмыс істейді:

1. Құрылғы зиянды кедергі келтірмеуі қажет. Сонымен қатар
2. Құрылғы қаламаған әрекетті туындататын кедергілерді де қамтитын барлық кедергілерді қабылдауы қажет.

Өнім туралы сұрақтарыңыз болса:

- мына мекенжайға хабарласыңыз:
HP Inc.
1501 Page Mill Road
Palo Alto, CA 94304
- HP компаниясына 650-857-1501 нөмірі бойынша қоңырау шалыңыз.
– немесе –
- Электрондық пошта: techregshelp@hp.com

Бұл өнімді анықтау үшін онда көрсетілген белгі, серия немесе үлгі нөмірін қараңыз.

Жаңартулар

Байланыстар туралы федералды комиссия HP компаниясы арқылы рұқсат етілмеген құрылғыға жасалған кез келген өзгертулер мен жаңартулар пайдаланушының құрылғымен жұмыс істеу құқығынан айрылуына әкеліп соғуы мүмкін екені туралы ескертілуін талап етеді.

Кабельдер

Байланыстар туралы федералды комиссияның қағидалары мен нормаларына сәйкестікті қамтамасыз ету үшін құрылғымен байланыстар RFI/EMI ұштықтарына арналған металдандырылған қалпақтары бар бейнебеттендірілген кабельдер арқылы жасалуы қажет.

Сымсыз LAN құрылғылары немесе HP мобильді кең жолақты модульдері бар өнімдер

Құрылғыны басқа антенна немесе таратқыш жанына орнатуға немесе бірге жұмыс істеуге болмайды.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ! Радио толқындары жиілігіне ықпал: құрылғының сәулелендіруді шығару қуаты Байланыстар туралы федералды комиссияның радио толқындары жиілігі ықпалының шегінен төмен болады. Дегенмен құрылғы стандартты жолмен пайдаланылғаны жөн.

Беларусьта қолданылатын техникалық деректер туралы ескертпе

Өнім Беларусь Республикасының «Электр байланысының құралдары. Қауіпсіздік» техникалық регламентінің (ТР 2018/024/BY) талаптарына сәйкес келеді.



Бразилияға арналған ескертпе

Este equipamento não tem direito à proteção contra interferência prejudicial e não pode causar interferência em sistemas devidamente autorizados.

📝 МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ: A alimentação de energia é predefinida para 220/230V. Se você possuir tomada elétrica de 110/115V, por favor, altere a chave na parte traseira do seu computador para a tensão correta.

Para maiores informações, consulte o site da ANATEL – www.anatel.gov.br.

Канадаға арналған ескертпелер

В класты сандық аппарат Канадада қолданылатын бөгеуіл тудыратын жабдықтар туралы (CAN ICES-3(B)/NMB-3(B)) ережелердің барлық талаптарына сәйкес келеді.

Егер бұл құрылғының WLAN немесе Bluetooth мүмкіндігі болса, құрылғы Индустрия Канада министрлігінің лицензиямен қорғалған RSS стандарттары талаптарымен сәйкес келеді. Мына екі шартқа сәйкес жұмыс істейді: (1) бұл құрылғы бөгеуіл тудырмауы мүмкін және (2) бұл құрылғы кез келген бөгеуіл, соның ішінде құрылғының қажетсіз жұмысына әкелуі мүмкін бөгеуіл қабылдауы тиіс.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ! Радио желілік сәуле шығаруының әсері: бұл құрылғының шығарылатын шығыс қуаты Канададағы индустриялық радио желілігі шығарылуының шектерінен аспайды. Дегенмен құрылғы стандартты жолмен пайдаланылғаны жөн.

📝 МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ: сымсыз жергілікті желінің IEEE 802.11a, n немесе ac стандарты пайдаланылғанда өнім 5,15–5,25 ГГц жиілік ауқымы шегінде жұмыс істегендіктен, тек қана ғимарат ішінде қолданылумен шектеледі. Канада өндірістік министрлігі сол жиілікте жасап жатқан мобильді спутник жүйелеріне зиянды кедергі туындаудан аулақ болу үшін өнімді 5,15–5,25 ГГц жиілік ауқымы аралығына арналған ғимарат ішінде қолдануды талап етеді. 5,25–5,35 ГГц және 5,65–5,85 ГГц аралығындағы жеке жиіліктер жоғарғы қуатты радиолокациялық станцияларға арналған пайдалану жиіліктері болып табылады. Радиолокациялық станциялар кедергілер мен құрылғыға зиян келтіруі мүмкін.

Құрылғыға арналған антенналар ауыстырылмайды. Пайдаланушының құрылғыны өзгертуге жасаған кез келген талпынысы компьютерге зиян келтіруі мүмкін.

Еуропа Одағына және Ұлыбританияға арналған заңдық ескертпелер

Еуропа Одағында және Ұлыбританияда заңдық ескертпелердің өз жинағы бар.

Сәйкестік мағлұмдамасы

ЕО мүшесі болып табылатын елдердің біреуінде (кем дегенде) және Ұлыбританияда жұмыс істей алатын және келесі ЕО директиваларының біреуімен немесе бірнешеуімен, сондай-ақ Ұлыбритания нормативтік-құқықтық актілерімен сәйкес келетін өнімдер CE белгісімен және Ұлыбритания белгісімен таңбаланады:

RED 2014/53/EU директивасы; Төмен кернеуге арналған 2014/35/EU директивасы; Электрмагниттік сәйкестік туралы 2014/30/EU директивасы; Экодизайн туралы 2009/125/EC директивасы; Зиянды заттарды пайдалану шектеулері жайлы (RoHS) 2011/65/EC директивасы.

Бұл нұсқауларға сәйкестік Еуропада қолданыстағы келісілген стандарттарды пайдалану арқылы бағаланады.

Сәйкестік туралы ЕО және Ұлыбритания мәлімдемесінің толық мәтінін мына веб-сайтынан табуға болады: <http://www.hp.eu/certificates> (Техникалық деректер жапсырмасында болатын үлгінің атауы немесе нұсқаулық үлгісінің нөмірі (RMN) арқылы іздеңіз.)

Нормативтік мәселелер бойынша мына мекенжайға хабарласыңыз: Электрондық пошта мекенжайы: techregshelp@hp.com.

Радио байланыс мүмкіндігі (EMF) бар құрылғылар

Бұл ескертпені радио байланысын пайдалану кезінде EMF деректерін беру қажет болғанда пайдаланыңыз.

Осы өнімнің құрамында радио таратқыш және қабылдағыш құрылғы бар. Ноутбукті қалыпты пайдалану кезінде, егер құрылғылар арасында арақашықтық 20 см болса, радио жиілігінің ықпал ету деңгейлері Еуропалық стандарттарға сәйкес келеді. Планшеттік компьютер сияқты жақын арақашықтықта пайдалануға арналған өнім стандартты жұмыс жағдайларында қолданылған кезде, Еуропалық қолданыстағы стандарттарға сәйкес келеді. Өнімге қатысты нұсқауларда басқаша белгіленбесе, құрылғыларды бос қашықтықты қалдырмай пайдалануға болады.

Радио байланыс мүмкіндігі бар өнімдер үшін шектеулер (тек таңдаулы өнімдерде)

Кейбір елдерде бірнеше өнімдердің радио байланыс мүмкіндігін пайдалануына шектеу енгізіледі.

					
AT	BE	BG	CH	CY	
CZ	DE	DK	EE	EL	
ES	FI	FR	HR	HU	
IE	IS	IT	LI	LT	
LU	LV	MT	NL	NO	
PL	PT	RO	RS	SE	
SI	SK	TR	UK		



МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ: Жиілік ауқымы 5,15-5,35 ГГц аралығында IEEE 802.11x сымсыз жергілікті желі кестеде көрсетілген барлық елдерде бөлме ішінде ғана пайдаланылады. WLAN өнімін далада пайдалану нәтижесінде қолданыстағы радио байланыс қызметтеріне кедергі келтірілуі мүмкін.

Радио жиілік ауқымдары және ең жоғары қуат деңгейлері (тек таңдаулы өнімдерде және елдерде)

Кейбір өнімдер және елдер үшін радио жиілік ауқымдары және ең жоғары қуат деңгейлері келесі кестеде көрсетіледі.

Кесте 1-1 Радио жиілік ауқымдары және ең жоғары қуат деңгейлері (тек таңдаулы өнімдерде және елдерде)

Радиожиилік технологиясы	Жіберілетін ең жоғары қуат EIRP (мВт)
Bluetooth; 2,4 ГГц	100
NFC; 13,56 МГц	10
RFID; 865-868 MHz/915-921 МГц	2000/4000
WLAN Wi-Fi 802.11x; 2,4 ГГц	100
WLAN Wi-Fi 802.11x; 5 ГГц	200
WWAN 5G NR (450 МГц–7125 МГц)	400
WWAN 5G NR (24250 МГц–52600 МГц)	316.230
WWAN 4G LTE; 700/800/900/1800/2100/2300/2600/3500 МГц	200
WWAN 3G UMTS; 900/2100 МГц	250
WWAN 2G GSM GPRS EDGE; 900 МГц	2000
WWAN 2G GSM GPRS EDGE; 1800 МГц	1000
WiGig® 802.11ad; 60 ГГц	316
ЕСКЕРТПЕ: сәйкестікті қамтамасыз ету үшін, HP компаниясы қолдайтын бағдарламалық құралдар драйверлерін және дұрыс ел параметрлерін ғана пайдаланыңыз.	

Эргономикалық сәйкестік талаптарына арналған хабарлама

Егер мобильді компьютер графикалық дисплейге арналған (VDU) 90/270/EEC нұсқауларына сәйкес жұмыс тапсырмаларын бейнелеу үшін офистегі жұмыс станциясында қолданылатын болса, сәйкес сыртқы пернетақта қажет. Қолданылатын бағдарламаға және тапсырмаға байланысты жұмыс станцияларымен салыстырылатын жұмыс жағдайларына қол жеткізуге арналатын сәйкес сыртқы монитор да қажет болуы мүмкін.

Сілтеме: EK1-ITB 2000 (ерікті GS куәлігін беру)

Құпталған «GS» белгісі бар мобильді компьютерлер қолданылатын эргономикалық талаптарға сай келеді. Сыртқы пернетақта қолданылмаған кезде, бейнелеу дисплейімен тек қысқа уақыт ішінде пайдалануға болады.

Жарықтандырудың қолайсыз жағдайларында мобильді қолдану кезінде (мысалы, тікелей күн сәулесі түскенде) оқуды нашарлату нәтижесіне әкелуі мүмкін.

Құрамындағы барлық өнімдер мысалы, үстелдегі іскери дербес компьютер, пернетақта, компьютер тінтуірі мен монитор «GS» құптау белгісімен таңбаланған жағдайда ғана, HP белгісі бар өнімдерді қамтитын компьютерлер жүйесі эргономикалық талаптарға сәйкес келеді.

Еуропадағы телефон желісі туралы декларация (модем/факс)

Өнім қолданыстағы директиваның талаптарына сай келеді және оған сәйкес өнім CE белгісімен таңбаланған. Түрлі елдерде/аймақтарда ұсынылатын көпшіліктің пайдалануына арналған жеке

телефон желілерінің айырмашылықтарына байланысты, нұсқаудың өзі өнімнің көпшіліктің пайдалануына арналған жеке телефон желілерінің әр аппарат нүктесінде дұрыс жұмыс істеуіне кепіл бермейді. Мәселелер туындаса, ең алдымен жабдық жеткізушісіне хабарласыңыз.

Австралияда және Жаңа Зеландияда қолданылатын ескертпе

Осы жабдықтың құрамында радио таратқыш және қабылдағыш құрылғы бар. Стандартты пайдалану кезінде, егер құрылғылар арасында арақашықтық 20 см болса, радио жиілігінің әсер ету деңгейлері Австралиядағы және Жаңа Зеландиядағы стандарттарға сәйкес келеді.

Компьютер AS/CA S008 талаптарымен сәйкес келетін телефон сымы арқылы Телекоммуникациялар желісіне қосылуы тиіс.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ! Осы компьютермен бірге жеткізілетін RJ11 қосқышы ішінде жоқ модемдер басқа құрылғыға орнатылмауы тиіс.

Қытайда қолданылатын WWAN туралы ескертпе

重要信息：本公司建议用户通过官方渠道进行系统更新，非官方渠道的更新可能会带来安全风险。

Қытайда қолданылатын радио жабдық туралы ескертпе

型号核准代码显示在产品本体的铭牌上

Жапонияға арналған хабарлама

V-2 規定適合の場合

この装置は、クラス B 情報技術装置です。この装置は、家庭環境で使用することを目的としていますが、この装置がラジオやテレビジョン受信機に近接して使用されると、受信障害を引き起こすことがあります。

取り扱い説明書に従って正しい取り扱いをして下さい。

VCCI-B

VCCI32-1 規定適合の場合

この装置は、クラス B 機器です。この装置は、住宅環境で使用することを目的としていますが、この装置がラジオやテレビジョン受信機に近接して使用されると、受信障害を引き起こすことがあります。

取り扱い説明書に従って正しい取り扱いをして下さい。

VCCI-B

5GHz 帯を使用する特定無線設備は屋内使用に限られています。この機器を屋外で使用することは電波法で禁じられています。

Сымсыз LAN, сымсыз WAN және Bluetooth® куәландыру белгілері

この機器は、技術基準適合証明または工事設計認証を受けた無線設備を搭載しています。

This product contains certified radio equipment.



Some products may use electronic regulatory labels (e-labels). To view the certification mark and numbers on an e-label, please refer to the previous “Accessing regulatory labels” section.

一部の製品では、電子規定ラベル（e ラベル）が使用されています。e ラベルの技適マークと認証番号を確認するには、「規定ラベルの確認」の項目をご覧ください

Мексикаға арналған хабарлама

Declaración para México

La operación de este equipo está sujeta a las siguientes dos condiciones: (1) es posible que este equipo o dispositivo no cause interferencia perjudicial y (2) este equipo o dispositivo debe aceptar cualquier interferencia, incluyendo la que pueda causar su operación no deseada.

Aviso sobre conexiones inalámbricas para México:

En el caso de PC de escritorio, equipos All-in-One, terminales de punto de venta, thin clients y workstations en uso normal e instalados con un dispositivo de transmisión y recepción de radio, una distancia de separación de 20 cm garantiza que los niveles de exposición a radiofrecuencia cumplan con los requisitos de México.

Еуропа Одағына арналған нормативтік талаптарға сәйкестік туралы ақпарат

Келесі ескертпелер Еуропа Одағында сатылған өнімдерге қатысты қолданылуы мүмкін.

Өндіруші және өндіру мерзімі



HP Inc.

Мекенжайы: 1501 Page Mill Road, Palo Alto, California 94304, U.S.

Өнімнің жасалу мерзімін табу үшін өнімнің қызмет көрсету жапсырмасындағы 10 таңбадан тұратын сериялық нөмірін қараңыз.

4-ші, 5-ші және 6-шы сандар өнімнің жасалған жылы мен аптасын көрсетеді. 4-ші сан жылын көрсетеді, мысалы «3» саны «2013» дегенді білдіреді.

5-ші және 6-шы сандар берілген жылдың қай аптасында жасалғанын көрсетеді, мысалы, «12» саны «12-ші» апта дегенді білдіреді.

Жергілікті өкілдіктері:

Ресей: ООО "ЭйчПи Инк",

Ресей Федерациясы, 125171, Мәскеу, Ленинград шоссесі, 16А блок 3,

Телефон/факс: +7 495 797 35 00 / +7 499 92132 50

Қазақстан: "ЭйчПи Глобал Трейдинг Би.Ви." компаниясының Қазақстандағы филиалы, Қазақстан

Республикасы, 050040, Алматы к., Бостандық, Әл-

Фараби даң.ылы, 77/7,

Телефон/факс: +7 727 355 35 52

Сингапурда сымсыз құрылғыны қолдану туралы ескертпе

Ұшақ бортында болғанда, кез келген WWAN құрылғыларын өшіріңіз. Осы құрылғыларды ұшақ бортында пайдалану заңсыз болып саналады, ұшақ жұмысы үшін қауіп төндіреді және ұялы байланыс желісіне кедергі келтіреді. Бұл нұсқау орындалмаса, бұзушының ұялы байланыс қызметін беру тоқтатылады не бас тартылады, бұзушы сотқа тартылады немесе аталған жазалардың екеуі жүзеге асырылады.

Радио құрылғыны жанармай қоймаларында, химиялық зауыттарда немесе жарылу жұмыстары жүргізілетін жерлерде қолдану шектеулі болуы қажет екенін ескертеміз.

Радио толқындарын сәулелендіретін басқа мобильді құралды пайдаланудағы сияқты құралмен қалыпты жұмыс жасау және пайдаланушылардың қауіпсіз қолдануы үшін құралмен жұмыс жасау кезінде антенна мен басқа дене бөліктері арасында айтарлықтай ара қашықтықты сақтау ұсынылады.

Құрылғы адамның денсаулығы мен жасына қарамастан барлығының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін шектеулі мәнді қамтитын ғылыми ұйымдардың нұсқауларына негізделген радио толқын сәулелендіруі қолданысының талаптарына сәйкес келеді. Бұл радио толқындарының сәулелендіру талаптарында SAR сіңіру коэффициенті өлшем бірлігі қолданылады. SAR өлшем бірлігіне арналған сынақтар қалыпты әдістерді қолданып өткізіледі, бұл кезде телефон арқылы тарату барлық қолданыстағы жиілік ауқымында ең жоғарғы куәландырылған қуатта жіберіледі. SAR деректері анықтамасы 10 грамм дене талшығымен орташалағанда 2 ватт/килограммды (Вт/кг) құрайтын CENELEC EN50360 және EN50361 стандарттарына негізделеді.

Оңтүстік Кореяға арналған ескертпелер

무선적용제품

해당 무선설비가 전파혼신 가능성이 있으므로 인명안전과 관련된 서비스는 할 수 없음 (무선모듈 제품이 설치되어 있는 경우).

몸 가까이에서 장치를 작동할 경우, 비금속 저장 액세스리를 사용하여 장치와 몸 사이에 2.5cm 이상의 거리를 유지하십시오.

Тайландта қолданылатын сымсыз байланыс туралы ескертпе

เครื่องโทรคมนาคมและอุปกรณ์นี้ มีความสอดคล้องตามมาตรฐานหรือข้อกำหนดของ กสทช.

(This telecommunication equipment conforms to the requirements of NBTC.)

เครื่องวิทยุคมนาคมนี้ มีระดับการแผ่คลื่นแม่เหล็กไฟฟ้าสอดคล้องตามมาตรฐานความปลอดภัยต่อสุขภาพของมนุษย์จากการใช้เครื่องวิทยุคมนาคมที่คณะกรรมการกิจการโทรคมนาคมแห่งชาติประกาศกำหนด

This radio communication equipment has the electromagnetic field strength in compliance with the Safety Standard for the Use of Radio communication Equipment on Human Health announced by the National Telecommunications Commission.

Тайваньдағы желілерді басқару туралы ескертпелер

Мына ескертпелер Тайваньда қолданылады.

電磁波警語

減少電磁波影響，請妥適使用

Сымсыз LAN 802.11a құрылғылары

在 5.25G~5.35G 頻帶內操作之無線
資訊傳輸設備僅適於室內使用

應避免影響附近雷達系統之操作。

LAN 802.11 сымсыз байланыс құрылғылары/Bluetooth құрылғылары/Әрекет аумағы қысқа құрылғылар

低功率電波輻射性電機管理辦法

第十二條 經型式認證合格之低功率射頻電機，非經許可，公司、商號或使用者均不得擅自變更頻率、加大功率或變更原設計之特性及功能。

第十四條 低功率射頻電機之使用不得影響飛航安全及干擾合法通信；經發現有干擾現象時，應立即停用，並改善至無干擾時方得繼續使用。

前項合法通信，指依電信法規定作業之無線電通信。低功率射頻電機須忍受合法通信或工業、科學及醫療用電波輻射性電機設備之干擾。

Ұшақта қолдану туралы ескертпе

Электрондық жабдықты коммерциялық ұшақ бортында қолдану авиакомпания арқылы белгіленеді.

Пайдаланушы арқылы ауыстырылатын батареялар туралы ескертпелер

Батареяны пайдалану мерзімі аяқталғанда, оны жалпы үй қалдықтарымен бірге қоқысқа тастамаңыз. Компьютер батареясын қоқысқа тастау үшін аймағыңызда қолданылатын жергілікті заңдар мен нормаларды орындаңыз.

HP компаниясы қолданылған электрондық аппаратық құралдарды, HP түпнұсқалық баспа картридждерін және қайта зарядталатын батареяларды кәдеге жаратуды ұсынады. Кәдеге жарату бағдарламалары туралы толық ақпаратты <http://www.hp.com/recycle> HP веб-сайтынан қараңыз.

Пайдаланушы арқылы ауыстырылатын батареяны шығарып алу туралы ақпаратты өніммен бірге қамтамасыз етілетін пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.

Зауытта пломбаланған батареялар туралы ескертпелер

Осы құрылғыдағы батареяны (батареяларды) пайдаланушы арқылы оңай ауыстыруға болмайды. Батареяны алу немесе ауыстыру кепілдік күшіне әсер етуі мүмкін. Егер батареяның заряды тез бітетін болса, қолдау қызметімен хабарласыңыз.

Батареяны пайдалану мерзімі аяқталғанда, оны жалпы үй қалдықтарымен бірге қоқысқа тастамаңыз. Батареяны қоқысқа тастау кезінде жергілікті заңдарды және аймағыңызда қолданылатын ережелерді орындаңыз.

Лазерлі құрылғылар талаптарына сәйкестік


Бұл ескертпені лазерді дұрыс пайдаланбау себебінен болуы мүмкін радиация шығуы туралы ескерту үшін пайдаланыңыз.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ! Лазер құрылғысын орнату нұсқаулығында немесе көрсетілмеген басқару не реттеу элементтерін пайдалану немесе басқа үрдістерді орындау қатерлі сәулелендіруді тудыруы мүмкін. Қатерлі сәулелендіру қатерін төмендету үшін:

- Құрылғы модулін ашуға талпынбаңыз. Онда пайдаланушыға қызмет көрсететін құрамдастар жоқ.
- Лазерлі өнімді орнату нұсқаулығында көрсетілмеген лазерлі құрылғыны қадағалау, жөндеу және орнату процестерін орындамаңыз.
- Тек қана рұқсатына ие болған сервистік компания мамандарына құрылғыны жөндеуге рұқсат етіледі.

Осы өнім оптикалық сақтау құрылғысымен (мысалы, ықшам диск немесе DVD жетегі) және/немесе талшық-оптикалық қабылдағышпен бірге жеткізілуі мүмкін. Лазерді қамтитын әр құрылғы IEC/EN 60825-1 талабына сәйкес 1-ші сыныпты лазер өнімі санатына енеді және бұл стандартқа арналған қауіпсіздік талаптарына сай келеді.

Әр лазер өнімі АҚШ-тың FDA ұйымының 21 CFR 1040.10 және 1040.11 нормаларына сай келеді немесе 2007 жылғы 24 маусымда шығарылған Лазер туралы № 50-ші хабарламаға немесе 2019 жылғы 8 мамырда шығарылған Лазер туралы № 56-шы хабарламаға сәйкес күшке енген ауытқулардан басқа нормаларға сай келеді.



Телекоммуникациялық құрылғыларды мақұлдау

Компьютердегі телекоммуникациялық құрылғы мақұлдау белгілері модемде немесе компьютердің астында орналасқан өнім жапсырмасында көрсетілген елдер мен аймақтардағы телефон желісіне қосылу үшін мақұлданған.

Өнімнің өнім орналасқан ел немесе аймақ үшін теңшелуін қамтамасыз ету үшін өніммен бірге берілген пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз. Орналасқан орнынан басқа елді немесе аймақты таңдау модемнің жергілікті телекоммуникация ережелерін/заңдарын бұзатын жолмен теңшелуін туғызуы мүмкін. Сонымен қатар ел немесе аймақ дұрыс таңдалмаса, модем дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Егер, қажет елді немесе аймақты таңдағанда, елге немесе аймаққа қолдау көрсетілмейді хабары

көрсетілетін болса, бұл модемнің осы елде немесе аймақта қолдану үшін мақұлданбағанын білдіреді және сондықтан оны қолданбау керек.

Модемге арналған ескертпелер

Канадада, Жапонияда, Жаңа Зеландияда және АҚШ-та модемге арналған ескертпелердің өз жинақтары бар.

АҚШ-қа арналған модемді пайдалану қағидалары

Бұл жабдық FCC Ережелерінің 68-бөліміне және АСТА беретін талаптарға сәйкес келеді. Компьютердің немесе модемнің астында басқа мәліметтермен қоса мына пішімдегі өнім идентификаторы қамтылған: US:AAAEQ##TXXXX. Орындау сұралса, осы мәліметтерді телефон компаниясына беріңіз.

Қолданыстағы куәліктендіру ұяшығы US0C = RJ11C. Осы жабдықты сым мен телефон желісіне қосу үшін қолданылатын аша мен ұясы тиісті FCC 68-бөлігінің ережелеріне және АСТА беретін талаптарға сәйкес келуі керек. Осы өніммен бірге үйлесімді телефон сымы мен модульдік аша беріледі. Ол сондай-ақ, үйлесімді модульдік ұяшыққа қосылған болуы керек. Толық ақпарат алу үшін орнату нұсқауларын қараңыз.

ҚБС мәні телефон желісіне қосылуы мүмкін құрылғылардың санын анықтау үшін қолданылады. Телефон желісіндегі шамадан тыс ҚБС мәні кіріс қоңырауларына қатысты жауапта құрылғылардың қоңырау шалмауын туғызуы мүмкін. Орындардың көпшілігінде, бірақ барлық аймақтарда емес, ҚБС мәндерінің саны бесеуден (5,0) аспауы керек. Жалпы ҚБС мәндері арқылы анықталатын жолға қосуға болатын құрылғылардың нақты санын анықтау үшін, жергілікті телефон компаниясымен байланысыңыз. 2001 жылғы 23 шілдеден кейін бекітілген өнімдер үшін осы өнімге арналған ҚБС US:AAAEQ##TXXXX пішімі бар өнім кодының бөлігі болып табылады. ## таңбаларымен көрсетілген сандар – ондық бөлгішсіз ҚБС болады (мысалы, 03 – 0,3 ҚБС). Ертеректегі өнімдер үшін ҚБС жапсырмада бөлек көрсетілген.

Егер осы НР жабдығы телефон желісіне зиян келтіретін болса, телефон компаниясы қызметті уақытша тоқтату қажет етілуі мүмкіндігі туралы алдын ала ескертеді. Бірақ, алдын ала хабарлама жасау қолданыста болмаса, телефон компаниясы мүмкіндігінше ертерек хабарлайды. Сондай-ақ, қажет деп тапсаңыз, FCC ережесімен үйлесімдікті алу құқығы туралы кеңес беріледі.

Телефон компаниясы жабдықтың жұмысына әсер етуі мүмкін оның бөліктеріне, жабдығына, жұмыстарына немесе процедураларына өзгерістер енгізуі мүмкін. Егер бұл орын алса, телефон компаниясы кедергі келтірілген телефон қызметін орындау үшін қажетті өзгертулерді жасау мақсатында сізге алдын ала ескертеді.

Құрылғымен ақаулық туындаған жағдайда техникалық қолдау көрсету орталығымен байланысыңыз. Құрылғы телефон желісіне зиян келтіргенде телефон компаниясы ақаулық шешілгенше құрылғыны ажыратуды талап етуі мүмкін. Компьютерге берілген пайдаланушы нұсқаулығының «Ақаулықтарды табу және жөндеу» бөлімінде көрсетілген құрылғыны жөндеу жұмыстарын ғана жасауға болады.

Тараптың өнімі қызметіне қосылым тарифтерді түзету болып табылады. Мәліметтерді алу үшін мемлекеттік қоғамдық коммуналдық комиссиясына, қоғамдық қызметтер комиссиясына немесе бірлестік комиссиясына хабарласыңыз.

Егер сізде телефон желісіне қосылған арнайы сымды дабыл жабдығы болатын болса, осы НР жабдығын орнатудың дабыл жабдығын ажыратпайтынын тексеріңіз. Дабыл жабдығы нені ажырататыны туралы сұрақтарыңыз туындаса, телефон компаниясымен немесе білікті орнатушымен хабарласыңыз.

1991 жылғы Телефонды тұтынушыларды қорғау акті ол хабар әрбір таратылған беттің жоғарғы немесе төменгі жағында не таратудың алғашқы бетінде нақты мәтінді қамтитын хабар қамтылмайынша, жіберілген күн және уақыт пен іскери анықтама, басқа жазба немесе басқа жеке

хабарларды жіберу және жіберілетін құрылғының телефон нөмірі немесе осындай жеке іскери, басқа жазба немесе жеке жазбалар көрсетілмейінше, кез келген адамның факс машинасын қамтитын компьютерді немесе басқа электрондық құрылғыны қолдануын заңсыз етеді. (Берілген телефон нөмірі 900 саны немесе шамадан асырылатын жергілікті немесе ұзақ қашықтықта тарату нөмірлерінен асырылатын сандар болуы мүмкін емес).

Осы ақпаратты факс құрылғысында бағдарламалау үшін, факс жіберу бағдарламалық құралы нұсқауларында бөлектелген қадамдарды орындау керек.

Канадада модемді қолдану қағидалары

Құрылғының техникалық сипаттары Канада өндіріс министрлігінің қағидаларына сәйкес келеді.

REN мәні (қоңыраулар санының эквиваленті) телефон аппаратының интерфейсіне қосыла алатын құрылғылардың ең жоғарғы санын білдіреді. Интерфейске қосылу кез келген сан тіркесімінен құралуы мүмкін, тек қана барлық құрылғылардың REN мәні 5 санынан аспауы қажет. Бұл құрылғыға арналған ақырғы REN мәні 1.0 болып табылады.

Жапонияда қолданылатын модемді пайдалану қағидалары

Егер Жапонияда қолданылатын куәландыру белгісі компьютердің түбінде болмаса, төмендегі тиісті куәландыру таңбаларын қараңыз.

Төменде V.92 56K факс-модеміне арналған Жапонияда қолданылатын куәландыру белгісі көрсетілген:



Егер Жапонияда қолданылатын куәландыру белгісі компьютердің түбінде болмаса, төмендегі тиісті куәландыру таңбаларын қараңыз.

Төменде LSI корпорациясының PCI-SV92EX Soft модемі үшін Жапонияда қолданылатын куәландыру белгісі берілген:



Жаңа Зеландияға арналған модемді пайдалану қағидалары

Терминалды жабдықтың кез келген бөлігіне телекоммуникациялық компанияның рұқсатын беру телекоммуникациялық компания сол бөліктің желіге жалғауға арналған ең аз шарттарға сәйкес келетінін ғана қабылдағанын көрсетеді.

Бұл Telecom компаниясының өнімді растамайтынын және кез келген кепілдікте қамтылмағанын көрсетеді. Бәрінен бұрын, бұл кез келген құрылғы Telepermit рұқсат берген басқа құрылғы не модеммен бірге барлық жағдайда жақсы жұмыс істейтініне кепілдік бермейді немесе кез келген өнім Telecom компаниясының желі қызметтеріне сәйкес келеді дегенді білдірмейді.

Құрылғыны қолданған кез келген жағдайда арнайы жасақталғандарынан басқасы жоғарғы жылдамдықта дұрыс жұмыс істемейді. Мұндай жағдайда қиындық туғанда Telecom New Zealand компаниясы ешқандай жауапкершілікті мойнына алмайды.

Құрылғы импульсті теріліммен жабдықталса, Telecom New Zealand компаниясы импульсті терілімге қолдау көрсетуді әрқашан жалғастыратынына еш кепілдік жоқ екені есіңізде болсын.

Құрылғы басқа құрылғымен бірдей байланысқа қосылғанда импульсті терілімді қолдану жағымсыз қоңырау дыбысын не басқа шу шығаруы және де дұрыс емес жауап беру жағдайын тудыруы мүмкін. Мұндай жағдайлар туындағанда, пайдаланушы Telecom New Zealand компаниясының жөндеу қызметіне *хабарласпауы* қажет.

Telepermit Telecom талаптарына сәйкес келуі қажет кейбір параметрлер осы құрылғыға сәйкес жабдыққа (компьютер) байланысты болады. Сәйкес жабдық Telecom қағидаларына сәйкес төмендегі шектеулерде жұмыс істеу үшін орнатылуы қажет:

- Кез келген бір рет қолмен қоңырау шалу жағдайлары үшін 30 минут уақыт ішінде бірдей нөмірге 10 реттен артық қоңырау шалынбау керек.
- Жабдықтың трубкасы әрекеттің соңы мен келесі әрекеттің басы арасында 30 секундтан аспайтын мерзімде қойылады.
- Әртүрлі нөмірлерге автоматты түрде қоңыраулар шалынғанда, жабдықтың трубкасы әрекеттің соңы мен келесі әрекеттің басы арасында 5 секундтан аспайтын мерзімде қойылады.
- Құрылғы қоңырауға жауап беру уақытына байланысты 3 пен 30 секунд аралығында қоңырау шалуға болатындай етіп орнатылуы қажет (сондықтан 2–10 аралығында орнатылуы қажет).

Дауыстық қолдау

Осы құрылғыны телефон сұхбаттарын жазып алуға пайдаланатын барлық адамдар Жаңа Зеландия заңдарын сақтаулары қажет.

Кем дегенде сұхбат жүргізушілердің бірі сұхбат жазылып жатқандығын білуі талап етіледі. Сонымен қатар, жинақталатын жеке ақпарат түрі, мақсаты, пайдалану жолы және басқа елге жариялануына қатысты 1993 жылы қабылданған Жеке өмірге нұқсан келтірмеу жөніндегі заңда тізімделген принциптер сақталуы қажет.

Құрылғыны Telecom компаниясының нөмірі 111 қауіпсіздік қызметіне автоматты түрде қоңырау шалынатындай етіп теңшеуге болмайды.

Macrovision корпорациясы ескертпесі

Құрылғыда АҚШ патенті арқылы қорғалған авторлық құқықты қорғау технологиясы және Macrovision Корпорациясы мен басқа құқық иеленушілерге тиісті парасатты меншікке арналған басқа құқықтар пайдаланылады.

Авторлық құқықты қорғау технологиясын пайдалану Macrovision корпорациясы арқылы рұқсат етілген болуы қажет. Бұл технология Macrovision корпорациясы арқылы басқа қолданысқа рұқсат етілген болмаса, тек қана үйде және басқа шектелген қарау шарттарында қолдануға ғана арналған. Жасақтау және қайта жобалауға рұқсат берілмейді.

2 Қауіпсіздік туралы ескертулер

Өнім құжаттарында қауіпсіздік туралы мына ескертулердің бірі не бірнешеуі қажет болуы мүмкін.

Қауіпсіздік туралы маңызды ақпарат

Бұл ескертпелер көптеген өнімдерге қатысты қолданылады.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ! Адамға қатты жарақат келтіру қатерін азайту үшін *Қауіпсіз және қолайлы жұмыс жасау нұсқаулығын* оқыңыз. Мұнда компьютер пайдаланушылары үшін компьютерді қосу және жұмыс орнын дұрыс реттеу жолдары, денсаулық сақтау шаралары және компьютермен жұмыс істеу ережелері сипатталады және механикалық жабдықтармен жұмыс істегенде қадағаланатын қауіпсіздік ережелері беріледі. Бұл нұсқаулық <http://www.hp.com/ergo> веб-бетінде және өніммен бірге қамтамасыз етілген құжаттар ықшам дискісінде орналасады.

Компьютер ауыр болуы мүмкін; оны жылжыту кезінде эргономикалық жағынан дұрыс көтеру тәсілдерін пайдалану қажет.

Компьютерді айнымалы ток розеткасына жақын жерге орнатыңыз. Компьютердің айнымалы ток сымы құрылғыны қуат көзінен ажыратуға арналған жалғыз құралы болып табылады және оған әрдайым қол оңай жетуі қажет. Егер компьютер жинағына кіретін қуат сымында жерге тұйықталған аша болса, ток соғу қаупін азайту үшін қуат сымын әрдайым жерге дұрыс қосылған айнымалы ток розеткасына жалғаңыз.

Телефон желісінен ток соғу қаупін азайту үшін компьютерді телефон желісіне жалғамас бұрын оны айнымалы ток розеткасына қосыңыз. Сонымен қатар компьютердің қуат сымын айнымалы ток розеткасынан суырмаз бұрын телефон желісінен ажыратыңыз.

Компьютер қақпағын орнату немесе орнына салу алдында модем сымын телефон желісінен ажыратыңыз.

Қақпағы алынған компьютерді пайдаланбаңыз.

Қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету үшін кез келген сервистік қызмет көрсетпес бұрын, компьютерді қуат көзінен және телекоммуникациялық желілерден (мысалы, телефон желісі) ажыратыңыз. Бұл нұсқауларды орындамау жарақаттануға немесе жабдық зақымдануына әкелуі мүмкін. Өнімнің қуат беру бөліктері мен модемінде қауіпті ток кернеуінің деңгейлері бар.

Қауіпсіздік шарасы ретінде жүйе қуаты арнайы конфигурация мүмкіндіктерінен артық жүктелген болса, жүйенің кейбір USB порттарын уақытша ажыратуы мүмкін.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ! Өрт шығуы, электр тогының соғуы қаупін азайту және осы құрылғыны пайдаланатын адамдардың жарақат алмауы үшін, әрқашан негізгі қауіпсіздік шараларын қолданыңыз, соның ішінде:

- Ванна, раковина, асханадағы ыдыс жуатын жер немесе кір жуғыш машинасы, ылғал қойма немесе суда жүзу бассейні сияқты ылғал жерлерде өнімді қолданбаңыз.
- Бұл құрылғыны найзағай кезінде пайдаланбаңыз. Найзағайдан ток соғу қаупі бар болуы мүмкін.
- Газ шығып тұрған жерде өнімді газ шығару туралы хабарлама жіберу үшін пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны ашу немесе модемнің оралмаған кабелін, ажыратқышын және ішкі модем құрамдастарын ұстау үшін әрқашан модем кабелін ажыратыңыз.
- Егер өнім телефон кабелімен бірге берілмесе, 26 AWG телекоммуникациялық кабелі немесе үлкен диаметрлі кабелді пайдаланыңыз.
- Модем немесе телефон кабелін RJ-45 ажыратқышына (жергілікті желі) қоспаңыз.

ОСЫ НҰСҚАУЛАРДЫ САҚТАҢЫЗ.

📝 МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ: егер компьютерде 115 В немесе 230 В қуат жүйесінде пайдалануға арналған кернеуді таңдау қосқышы болса, кернеуді таңдау қосқышы компьютер сатылған белгілі бір елде/аймақта қолданылатын дұрыс кернеу параметріне алдын ала орнатылады. Кернеуді таңдау қосқышын дұрыс санға орнатпау компьютердің зақымдануына және кепілдік күшінің жойылуына әкелуі мүмкін.

Бұл өнім «ІТ» қуат жүйесіне қосылып сынақтан өткізілген жоқ (бұл қуат жүйесі қолданыстағы сақтық стандарттарының талаптарына сәйкес жерге тікелей қосылмаған айнымалы ток тарату желісі болып табылады).

Қызып кетуге байланысты сақтық ережелері туралы ескертпе

Қызып кету себебінен жарақат алу қаупі болса, осы ескертпені пайдаланыңыз.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ! Қызып кетуге байланысты зақымдарды немесе мобильді компьютердің қатты қызып кету жағдайын азайту үшін мобильді компьютерді тізеңізге қоймаңыз немесе компьютердің ауа желдеткішін бітемеңіз. Мобильді компьютерді тек қатты, тегіс беткейге қойып пайдаланыңыз. Қасында тұрған қосымша принтер сияқты қатты беттің немесе жастық, кілем не мата сияқты жұмсақ беткейдің ауа ағынын бөгеуіне жол бермеңіз. Компьютермен жұмыс істеу кезінде айнымалы ток адаптерінің дене немесе жастық, кілем немесе киім сияқты жұмсақ заттармен қатынасуына да жол бермеңіз. Мобильді компьютер және айнымалы ток адаптері қолданыстағы сақтық стандарттарында анықталған пайдаланушының кіру рұқсаты бар беткейлердің температура шектеулерімен сәйкес келеді.


Мүмкін қауіпсіздік жағдайлары

Бұл ескертпені ақаулықтың қауіпсіз емес және басқарылмайтын күйі туралы пайдаланушыларды ескерту үшін пайдаланыңыз.

Сатырлау, ысылдау немесе жарылу дыбысы естілсе, компьютер ішінен қатты иіс немесе түтін шықса, (немесе басқа да қауіпсіздік мәселелері туралы сұрақ болса), компьютерді пайдаланбаңыз. Ішкі электрондық бөлік қауіпсіз және басқарылатын күйде істен шыққан кезде бұл қалыпты құбылыс. Бірақ аталған жағдайлар мүмкін қауіпсіздік проблемасының орын алғанын көрсетуі мүмкін. Бұл қауіпсіз проблема екенін ойлауға болмайды. Компьютерді өшіріп, оны қуат көзінен ажыратып, көмек алу үшін техникалық қолдау қызметімен хабарласыңыз.

Орнату шарттары

Жабдықты қуат көзіне жалғамас бұрын орнату нұсқауларын қараңыз.

-  **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Компьютер ішіндегі бөліктер кернеуде немесе қозғайтын болуы мүмкін. Корпусты алып тастамас бұрын жабдықты қуат көзінен ажыратыңыз. Жабдықты қуат көзіне қайта қосудың алдында корпусты орнына салып бекітіңіз.












Акустика туралы ескерту

Дыбыс қысымы ұсынылған немесе болжамданған деңгейінен төмен болғанда, бұл ескертпені пайдаланыңыз.

Дыбыс қысымы (LpA) 70 дБ(A) деңгейінен (оператор қалпы, ISO 7779 стандартына сәйкес қалыпты жұмыс) аспайды. Өнімнің шумен лақтау деректерін көрсету үшін <http://www.hp.com/go/ted> мекенжайындағы «IT ECO Declarations» бөліміне өтіңіз және ашылмалы мәзірден өнім санатын таңдаңыз.

Батарея туралы ескертпелер


Сақтық ережелері туралы келесі ескертпелердің бірі не бірнешеуі өніміңіздің батареясына қатысты қолданылуы мүмкін.

-  **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Өнім ішкі литий-марганец диоксидті, ванадий пентоксидті немесе сілтілі батарея не батарея бумасын қамтуы мүмкін. Батарея жинағы дұрыс қолданылмаса, өрт шығуы және күйіп қалу қаупі бар.
-  **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Батареяны қайта зарядтамаңыз.
-  **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** 60°C-тан (140°F) жоғары температурада батареяны қолданбаңыз.
-  **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Мүмкін сақтық шараларына қатысты мәселелерді болдырмау үшін компьютермен қамтамасыз етілетін айнымалы ток адаптерін, HP қамтамасыз ететін ауыстырғыш айнымалы ток адаптерін немесе HP компаниясынан сатып алынған айнымалы ток адаптерін ғана пайдаланыңыз. Жылдам зарядтау мүмкіндігі үйлесімді емес немесе HP емес батареяларымен жұмыс істемеуі мүмкін.
-  **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Өрт шығу немесе күйік алу қаупін азайту үшін батареяны бөлшектеп алуға, бұзуға немесе тесуге болмайды; батареяның сыртқы түйіспелерін түйықтамаңыз, батареяны отқа немесе суға тастамаңыз.
-  **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Егер батарея дұрыс батарея түрімен ауыстырылмаған болса, жарылыс қаупі бар. Қолданылған батареяларды нұсқауларға сәйкес қоқысқа тастаңыз.
-  **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Бұл өнімге арналған HP бөліктерімен ғана ауыстырыңыз.
-  **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Батареяны жұтпаңыз, химиялық заттан күйіп қалу қаупі бар.
-  **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Бұл өнімде тиын/түйме пішіміндегі батарея бар. Тиын/түйме пішіміндегі батареяны жұтып қойсаңыз, 2 сағат ішінде ішкі құрылысыңыз қатты күйіп қалуы және оның өлімге әкелуі мүмкін.
-  **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Жаңа және қолданылған батареяларды балалардың қолдары жетпейтін жерде сақтаңыз.
-  **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Батарея бөлімі қауіпсіз түрде жабылмаған болса, өнімді пайдалануды тоқтатып, балалардың қолы жетпейтін жерге қойыңыз.
-  **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Батареяларды жұтып қойды немесе дененің кез келген бөлігіне түсіп кетті деп ойласаңыз, дереу дәрігерге жүгініңіз.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ! Батареяны өте жоғары температурада қалдыру нәтижесінде жарылыстың туындауы немесе жанатын сұйықтықтың немесе газдың бөлінуіне әкелуі мүмкін.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ! Батареяны өте төмен ауа қысымына шығару нәтижесінде жарылыстың туындауы немесе жанатын сұйықтықтың немесе газдың бөлінуіне әкелуі мүмкін.

Кесте 2-1 Батареяларды қоқысқа тастау белгішесі және сипаттама

